

**Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі
жұмыс тобының XIV отырысының хаттамасы (MMWG)**

2024 жылғы 7 наурыз

2024 жылғы 7 наурызда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА), Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКДБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (ҚҚБ), «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (ҚҚК), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), сондай-ақ OGR Holding a.s. өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) XIV отырысы өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды.

I. ҚРҰБ ақша-кредит саясаты құралдарының жүйесіндегі өзгерістер туралы хабардар етті

1. ҚРҰБ операцияларының жаңа форматына сәйкес ҚҚБ-да өтімділікті алу жөніндегі операциялар алынып тасталды және өтімділікті алу бойынша тұрақты қолжетімділіктің негізгі құралы овернайт депозиті болды.
2. Өтімділікті қамтамасыз ету құралдары ретінде своп және ҚҚБ-дағы кері РЕПО қалды. Бұл ретте своптар бойынша мөлшерлеме 1% - ға өсті, ал кері репо терезесі қысқарды және сағат 15:00-ден 17:30-ға дейінгі аралықта өткізіледі.
3. Шығарылым көлемін шектеуге байланысты 2023 жылдың 3 тоқсанының басынан бастап ноталар көлемі біртіндеп қысқаруда. 2024 жылдың 1 тоқсанының соңына қарай айналыстағы ноталардың көлемі 500 млрд. теңгеден аспайтын болады.
4. 2024 жылғы 1 шілдеден бастап депозиттік аукциондар мен нота аукциондарына қолжетімділік тек банктер үшін ғана сақталады. Банктік емес ұйымдар ҚРҰБ ашық нарығының операцияларынан ажыратылатын болады. Депозиттік аукциондар бойынша есеп айырысулар T+2-ден T+0-ге ауыстырылады.

II. OGR Holding a.s. (Money Market Diagnostic Framework – MMDF ақша нарығын диагностикалау жөніндегі кеңесші) компаниясы MMDF алдын ала қорытындыларын ұсынды

Кеңесші отырысқа қатысушыларды MMDF бойынша алдын ала қорытындылармен таныстырды, валюта және ақша нарығының ағымдағы жай-күйі мен конъюнктурасы, сондай-ақ елдің ақша нарығын одан әрі дамыту және оған қатысушылардың белсенділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар ұсынылды. ҚРҰБ пен ЕДБ-де адами және IT ресурстардың дамуының айтарлықтай жоғары деңгейі атап өтілді.

III. ҚҚБ Қазақстанның репо нарығына талдауын ұсынды

1. 2022 жылы инфляция мен базалық мөлшерлеменің өсуіне байланысты ақша нарығының индикаторларында айтарлықтай өсім байқалды. 2023 жылдың екінші жартысынан бастап инфляцияның баяулауына байланысты ақша нарығы мөлшерлеменің төмендеуі байқалады.
2. 2020 жылдан бастап репо нарығында сауда көлемінің екі еседен астам өсуі байқалады. МБҚ операциялары РЕПО нарығындағы мәмілелер құрылымының басым бөлігін алады. 2024 жылдың 2 айында МБҚ себетімен репо операцияларының үлесі 89% (91,6 млрд. АҚШ долл.) құрады, ал квазимемлекеттік сектор қағаздарымен авторепо - 5% (4,9 млрд. АҚШ долл.).
3. МБҚ-ның осы сегментіндегі өсім банктік емес ұйымдардың операциялары көлемінің ұлғаюымен де түсіндіріледі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 2020 жылмен салыстырғанда банктік емес ұйымдармен репо көлемінің 26 есе өсуі байқалады (2024 жылғы 2 ай бойынша деректерге сәйкес олардың көлемі операциялардың жалпы көлемінің шамамен 44%-ын құрады), банктік емес ұйымдардың ҚРҰБ-пен жасалатын репо операцияларының көлемі 11 есеге ұлғайды.
4. 2020 жылдың басында репо операциялары көлеміндегі банктердің үлесі 80% құрады, кейіннен банктердің қатысу үлесінің төмендеуі байқалады.
5. TONIA-ның базалық мөлшерлеме және инфляциямен корреляция коэффициенті сәйкесінше 0,98% және 0,82% құрады.
6. TONIA ақша нарығындағы жағдайды жеткілікті түрде көрсетеді. Барлық мәмілелердің максимумы мен минимумының 7% және 10% - кесу оның көрінісіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

IV. ЕҚДБ қазақстандық теңгелік туынды қаржы құралдары нарықтарындағы конвенцияларды үйлестірудің, атап айтқанда, «овернайт» индекстік свопы және өзгермелі пайыздық мөлшерлемелері бар кросс-валюталық своптары сияқты туынды қаржы құралдары үшін маңыздылығын атап өтті

ЕҚДБ Жұмыс тобына туынды қаржы құралдары бойынша келісімшарттарда / келісімдерде қолдануға болатын KZT-TONIA-OIS-COMPOUND туынды құралының өзгермелі бөлігі бойынша пайыздық төлемді есептеу формуласы мен тұжырымдамасының (үтірден кейін 2 таңбаға дейін дөңгелектеумен) мысалын ұсынды:

$$\left(\frac{Ton\text{ia Index}_{end}}{Ton\text{ia Index}_{start}} - 1 \right) * \left(\frac{365}{d_e} \right)$$

Атап айтқанда, ЕҚДБ теңгедегі «овернайт» индекстік свопы және өзгермелі мөлшерлемелері бар кросс-валюталық своптар құралдары бойынша төлем күнін 1 жұмыс күніне кешіктіруді, сондай-ақ кез келген пайыздық туынды құралдың теңгелік бөліктері үшін есептік кезеңді калькуляциялау кезінде «нақты сан/365» деген жалпы қабылданған санау әдісін қолдануды ұсынды. Сондай-ақ туынды

операциялардың теңгелік бөліктері үшін Алматы қ. жұмыс күні (Алматы қ. банк күні) күнтізбесін айқындау қажеттігі белгіленді.

ЕҚДБ сонымен қатар экономикалық агенттердің баланстық есептерінде базистік тәуекелдің көрінісін жұмсарту мақсатында есептеудің бұл тәсілдерін ақша нарығына (яғни, овернайт индекстеріне байланған облигацияларға қатысты) және банктік өнімдерге (несиелерге) таратудың маңыздылығын атап өтті.